КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 ақпан №4360-22-00-2/2194 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Сансызбаеваның,
сот отырысының хатшысы Ж.Қ.Оспановтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Байұзақ Ермекбаев атындағы №271 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Айгул Шымболатқызы Сұлтан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Ұ.Қ.Назарбекова
Талап қоюшының өкілі У.С.Байтиков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2022 жылдың 21 қыркүйегінде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №82 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 300 000 теңгеге «Энергетикалық қазандарды/қазан жабдықтарын және ұқсас энергетикалық жабдықтар мен жүйелерді техникалық қамтамасыз ету/сақтау» бойынша қызметті шарт күшіне енгеннен кейін 16 күнтізбелік күнде орындауға міндеттенген.

Талап қоюшы жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер сотқа пікір ұсынбаған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2023, судья Сансызбаева А. М., 16.03.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер тиісті түрде сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарлана отырып, сот отырысына келмеді, істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыру туралы өтінішін сотқа жолдамады, сот отырысына келмеудің дәлелді себептері анықталмады.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-тармақшасына сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 5.2-тармағына сәйкес, өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер қызметті мүлдем көрсетпеген.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2022 жылғы 1 қарашада жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1532 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2023, судья Сансызбаева А. М., 16.03.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Байұзақ Ермекбаев атындагы №271 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Айгул Шымболатқызы Сұлтанды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Айгул Шымболатқызы Сұлтан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Айгул Шымболатқызы Сұлтаннан мемлекет кірісіне 1 532 (бір мың бес жүз отыз екі) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.М.Сансызбаева

Құжатқа қол қойылған: Сансызбаева А. М., 10.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.03.2023, судья Сансызбаева А. М., 16.03.2023

4360-22-3-1/2505